



## 2025 ЖЫЛҒЫ ӘРТҮРЛІ ҰЛТТАРҒА АРНАЛҒАН ИММИГРАНТТЫҚ ВИЗА БАҒДАРЛАМАСЫ (DV-2025) БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚТАР

### БАҒДАРЛАМА ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік департаменті заң жүзінде құрылған жыл сайынғы әртүрлі ұлттарға арналған иммигранттық виза (DV) бағдарламасын басқарады. Көші-қон және азаматтық туралы заңның (INA) 203(с) бөлімі Америка Құрама Штаттарына аз мөлшерде көшіп келген елдерге арналған «әртүрлі ұлттардан құрылған иммигранттар» деп аталатын иммигранттар тобын қарастырады. 2025 қаржы жылы үшін 55 000 DV визасы қол жетімді. DV бағдарламасына тіркелу тегін, бірақ өтініш берушілер сұхбаттың алдында [виза жарнамасын](#) төлеулері керек. Сұхбат барысында консулдық офицер виза алуға құқылы немесе құқылы еместігіңізді анықтап, шешім шығарады.

Бағдарламада іріктелген үміткерлер DV визасын алу құқығына ие болу үшін қарапайым, бірақ қатаң талаптарға сай болулары керек. АҚШ Мемлекеттік департаменті DV бағдарламасының жеңімпаздарын кездейсоқ компьютерлік іріктеу арқылы анықтайды. АҚШ Мемлекеттік департаменті DV визасын алты географиялық аймақ арасында таратады және ешқандай ел бір жылда қол жетімді DV визаларының жалпы санының жеті пайызынан астамын ала алмайды.

DV-2025 бағдарламасы үшін төмендегі тізімде көрсетілген елдер мен аймақтардың тумалары өтініш бере алмайды, өйткені соңғы бес жылда осы елдердің 50 000-нан астам тумасы Америка Құрама Штаттарына көшіп келген:

Бангладеш, Бразилия, Канада, Қытай (Гонконг-ті қоса алғанда), Колумбия, Доминикан Республикасы, Сальвадор, Гаити, Гондурас, Үндістан, Ямайка, Мексика, Нигерия, Пәкістан, Филиппин, Корея Республикасы (Оңтүстік Корея), Венесуэла және Вьетнам.

Макао ОАР мен Тайвань тумалары DV-2025 бағдарламасына қатысуға құқылы.

**Өтініш бере алмайтын елдерде туылған адамдардың тізімінде өткен қаржы жылымен салыстырғанда Біріккен Корольдік пен оған тәуелді аумақтарды есептемегенде ешқандай өзгерістер болған жоқ, DV-2025 бағдарламасына Біріккен Корольдік пен оған тәуелді аумақтардың тумалары қатыса алады.**

## ҚОЛДАНУ ШАРТТАРЫ

**№1 талап:** [Тарихи тұрғыдан АҚШ-қа аз қоныс аударған елдердің](#) тумалары қатыса алады.

Егер сіз АҚШ-қа аз қоныс аударған елдің тумасы болмасаңыз, онда сіз үшін басқа екі тәсіл бар.

- Сіздің жұбайыңыз АҚШ-қа аз қоныс аударған елдің тумасы ма? Егер жауабыңыз иә болса, сіз жұбайыңыздың туған елінің атынан бағдарламаға келесі жағдайларда қатыса аласыз: - егер сіздің және жұбайыңыздың аты іріктеліп алынған үміткерлердің тізімінде бар болса; - сұхбат кезінде сіздерге DV визасы берілсе; және - АҚШ-қа жұбайыңызбен бір уақытта кірсеңіз.
- Сіз АҚШ-қа аз қоныс аударған елдің тумасы емессіз, бірақ ата-анаңыздың біреуі аз қоныс аударған елдің тумасы ма? немесе сіз туған кезде АҚШ-қа аз қоныс аударған елдің заңды тұрақты тұрғыны болды ма? Егер жауабыңыз иә болса, ата-анаңыздың бірінің туған елі DV-2025 бағдарламасына қатысуға жарамды ел болса, онда сіз бағдарламаға қатыса аласыз. Бұл туралы қосымша ақпарат алу үшін [жиі қойылатын сұрақтар](#) бөлімін қараңыз.

**№2 талап:** Әрбір DV бағдарламасының үміткері білім/жұмыс тәжірибесі талаптарына сәйкес болуы керек:

- Жалпы орта мектеп бітіруі туралы аттестат немесе 12 жылдық бастауыш, ора және жоғары білімді тәмамдағанын көрсететін аттестаттың баламасы;

НЕМЕСЕ

- Соңғы бес жыл ішінде екі жылдан астам жұмыс тәжірибесін талап ететін кәсіпте екі жылдық жұмыс тәжірибесі. Мемлекеттік департамент жұмыс тәжірибесіне қатысты біліктілікті анықтау үшін АҚШ Еңбек департаментінің [O\\*Net Online](#) дерекқорын пайдаланады.

Қосымша ақпарат алу үшін [жиі қойылатын сұрақтар](#) бөлімін қараңыз.

Осы талаптардың екеуіне де сәйкес келмейінше, DV бағдарламасына өтініш жібермеңіз.

## Өтініш беру кезеңі

DV-2025 бағдарламасына үміткерлер өз өтініштерін электронды түрде [dvprogram.state.gov](https://dvprogram.state.gov) сайтында Шығыс уақытымен (EDT) (GMT –4) 2023 жылдың 4 қазаны, сәрсенбіден Шығыс уақытымен (EST) (GMT –5) 7 қараша, сейсенбі түскі сағат 12:00-ге дейін тапсыра алады. Тығыз жұмыс жүктемесіне байланысты веб-сайтта орын алуы мүмкін кешігулерге орай өтініш беруді соңғы аптаға қалдырмаңыз. Өтініш беру кезеңінен кеш немесе қағаз түрінде тапсырылған өтініштер қабылданбайды. Өтініш беру кезеңінде заң бойынша бір адамға бір ғана өтініш беруге рұқсат беріледі. АҚШ Мемлекеттік департаменті бір адамнан түскен бірнеше өтінішті анықтау үшін

озық технологияны пайдаланады. Бірнеше өтінім берген үміткерлердің барлық өтініштері бағдарламаға қатысушылар тізімінен алынып тасталынады.

### DV-2025 бағдарламасына арналған электрондық өтінішті толтыру

Электрондық DV өтініш формасын (E-DV немесе DS-5501 өтініш формасы) тек [dvprogram.state.gov](https://dvprogram.state.gov) сайтында толтыра аласыз. Толық толтырылмаған өтініштер немесе басқа жолмен тапсырылған өтініштер қабылданбайды. Электрондық өтініш формасын толтыру тегін. Өтініш формасын толтырған кезде жаңартылған веб-сайтты пайдаланыңыз. Internet Explorer 8 сияқты ескі веб-сайттар онлайн DV жүйесінде ақаулар туғызуы мүмкін.

Өтінішіңізді «визалық консультанттардың», «виза агенттерінің» немесе сіздің атыңыздан өтініш бергісі келетін басқа адамдардың көмегінсіз толтыруға кеңес береміз. Егер сіз делдалдан көмек алғыңыз келсе, өтінішіңізді толтырған кезде қасында болуыңыз керек, сұрақтарға жауаптардың дұрыстығын растап, өтініш толтырылған кезде берілетін растау парақшасын немесе бірегей растау нөмірін алыңыз. Растау парағы мен нөмірін басып шығару және оларды сақтап қою өте маңызды. Жаман пиғылды виза кеңесшілері, делдалдар немесе сіздің атыңыздан өтініш бергісі келетін басқа қаскөй адамдар өтініш толтырылғаннан кейін сіздің растау парағы мен бірегей растау нөміріңізді алады, содан кейін сіздің статусыңызды сол нөмір арқылы біліп, оны сізге бергені үшін сізден ақша талап етеді. Растау нөмірінсіз сіз өтінішіңіздің статусын білуге болатын жүйеге кіре алмайсыз. Бұл ақпаратты сіздің атыңыздан сақтауды ұсынатын кез келген адамнан абай болыңыз. Сондай-ақ, өтініште өзіңіз көрсеткен электрондық поштаға кіре алатыныңызға көз жеткізіңіз. DV бағдарламасына қатысты алаяқтық туралы ақпарат алу үшін [жиі қойылатын сұрақтар](#) бөлімін қараңыз.

Өтінішті толық толтырып, тапсырғаннан кейін экраннан атыңыз бен растау нөмірі көрсетілген бет шығады. Сол бетті принтерден шығарып алыңыз. 2024 жылдың 4 мамырынан бастап сіз [dvprogram.state.gov](https://dvprogram.state.gov) веб-сайтындағы «*Өтініш мәртебесін тексеру*» сілтемесі арқылы жеке ақпаратыңыз бен растау нөміріңізді көрсетіп өтінішіңіздің статусын тексере аласыз. DV-2025 бағдарламасына жіберген өтінішіңіздің іріктеуден өткен-өтпегенін, егер іріктеуден өтсе қандай шаралар жасау керектігі туралы ақпаратты тек «*Өтініш мәртебесін тексеру*» сілтемесі арқылы біле аласыз. АҚШ мемлекеттік департаменті сізбен тікелей хабарласпайды. «*Өтініш мәртебесін тексеру*» сілтемесі өтінішіңізге қатысты іс-шаралар туралы ақпарат беретін жалғыз құрал болып табылады. Егер бағдарламаға қатысу үшін жіберген өтінішіңіз іріктеуден өтсе, виза алуға өтініш пен қажетті құжаттарыңызды тапсырған болсаңыз, сұхбаттасу күнін білу үшін веб-сайттағы «*Өтініш мәртебесін тексеру*» сілтемесін пайдалануыңыз керек. Толық ақпарат алу үшін [жиі қойылатын сұрақтар](#) бөлімін қараңыз.

Электрондық өтінішіңізді толтыру үшін өзіңіз жайлы төменде көрсетілген мәліметтердің барлығын толық және қатесіз көрсетуіңіз керек. Өтініш формасында сұралған ақпаратты қатемен толтыру DV визасын алуға арналған өтінішіңізді жарамсыз деп санауға әкелуі мүмкін.

1. Аты-жөніңіз – тегіңізді, атыңызды, әкеңіздің атын дәл төлқұжатыңызда көрсетілгендей толтырыңыз (мысалы, егер сіздің төлқұжатыңызда тек сіздің атыңыз бен тегіңіз көрсетілсе, онда алдымен тегіңізді, содан кейін атыңызды жазыңыз; төлқұжатта әкеңіздің аты көрсетілмесе, сізде өтініште әкеңіздің атын жазбаңыз. Егер төлқұжатыңызда атыңыз, әкеңіздің аты, тегіңіз көрсетілсе, сіз оларды өтініште келесі ретпен көрсетіңіз: тегіңіз, атыңыз, әкеңіздің аты). Егер сізде бір ғана ат болса, оны тегі деген жарге толтырыңыз.

2. Жынысы – ер немесе әйел.

3. Туған күні – күні, айы, жылы.

4. Туған қалаңыз.

5. Туған еліңіз – сіз туған аймақтың атын қазіргі кездегі аталуы бойынша толтырыңыз.

6. DV бағдарламасына қатыса алатын ел – Бағдарламаға әдетте өзіңіздің туылған еліңіздің атынан қатыса аласыз. Бағдарламаға тұрғылықты тұрып жатқан немесе азаматтығыз бар елдің атынан қатыса алмайсыз. Егер сіз бағдарламаға қатыса алмайтын елде дүниеге келсеңіз, [жиі қойылатын сұрақтар](#) бөліміне кіріп, бағдарламаға қатысудың басқа жолы бар-жоғын біліңіз.

7. Үміткерлердің өтініштегі фотосуреттер - сіздің, жұбайыңыздың және өтініште көрсетілген барлық туған немесе туған емес балаларыңыздың фотосуреттері соңғы алты ай ішінде түсірілген фотосуреттер болуы керек. Композициялық және техникалық сипаттамалар туралы мәліметтерді [Цифрлық фотосуретті жіберу](#) бөлімінен қараңыз. АҚШ азаматы немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғыны болып табылатын жұбайыңның немесе балаңыздың фотосуретін жібермесеңіз де болады, бірақ сол фотосуреттерді жіберіп қойсаңыз, одан сізге ешқандай залал келмейді.

DV бағдарламасына өтініш берген кезде жіберілетін фотосуреттер АҚШ визасындағы фотосуреттердің стандарттарына сәйкес келуі тиіс.

Сіздің және отбасы мүшелеріңіздің бағдарламаға қатысу үшін жіберген фотосуреттеріңіз стандарттарға толық сәйкес келмесе немесе фотосуреттерге қандай да бір өңдеулер жасалса, сіздің DV визасын алуға арналған өтінішіңіз жарамсыз деп танылуы мүмкін. DV бағдарламасына алдыңғы жылдары жіберген фотосуретті қайта жіберу DV алу құқығыңыздан айырады. Қосымша мәліметтерді (төмендегі) [Цифрлық фотосуретті жіберу](#) бөлімінен қараңыз.

8. Пошталық мекен-жай мәліметтері – көрсетілген мекен-жайда тұратын адамның аты жөні

Мекенжай жолағы 1

Мекенжай жолағы 2

Қала/Қалашық

Округ/Ел/Ауыл/Штат

Пошта индексі/Мемлекет



9. Қазіргі уақытта тұрып жатқан ел.

10. Телефон нөмірі (міндетті емес).

11. Электрондық пошта - сізбен тікелей қатынасуға болатын және келесі жылдың мамыр айында да қатынасу құралы болатын электрондық пошта. Егер сіз келесі жылдың мамыр айында *Өтініш мәртебесін тексеріп*, өтінішіңіздің іріктеуден өткенін білсеңіз, кейінірек сұхбат күні белгіленгеннен кейін туындаған мәселе бойынша Мемлекеттік департаменттен мәлімет ала аласыз. **Мемлекеттік департамент ешқашан DV бағдарламасына өтінішіңіздің іріктеуден өткенін хабарлап электрондық хат жібермейді.** Іріктеу үрдісі туралы қосымша мәліметті [Жиі қойылатын сұрақтар](#) бөлімінен табасыз.

12. Қазіргі таңда қол жеткізген жоғары білім деңгейіңіз:

(1) Тек бастауыш және негізгі білім, (2) Толық емес жалпы орта білім, аттестат жоқ, (3) Жалпы орта білім, аттестат бар, (4) Кәсіптік-техникалық білім, (5) Университеттің кейбір курстары, (6) Университет (бакалавр) дәрежесі, (7) Жоғары деңгейлі маман дәрежесі, (8) Магистр дәрежесі, (9) Аспирант дәрежесі (10) Доктор дәрежесі. Білімге деңгейіне қойылатын талаптар туралы қосымша мәліметтерді [Жиі қойылатын сұрақтар](#) бөлімінен табасыз.

13. Отбасы жағдайыңыз: (1) бойдақпын, (2) некедемін, жұбайым АҚШ азаматы ЕМЕС немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғыны (ЗТТ) ЕМЕС, (3) некедемін, жұбайым АҚШ-тың АЗАМАТЫ немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғыны (ЗТТ) , (4) ажырасқанмын, (5) жесірмін немесе (6) бірге тұрмаймыз. Жұбайыңыздың аты-жөнін, туған күнін, жынысын, туған қаласын және туған елін, сондай-ақ техникалық шарттарға сәйкес келетін фотосуретін жіберіңіз.

Заңды жұбайыңыздың өтініште көрсетпесеңіз немесе заңды жұбайыңыз болып табылмайтын адамды жұбайыңыз ретінде көрсетсеңіз DV бағдарламасының негізгі өтініш берушісі ретінде, ал сіздің жұбайыңыз бен балаларыңыз DV негізгі өтініш берушінің отбасы мүшелері ретінде виза алу құқығынан айырылуларыңыз мүмкін. Егер сіз заң жүзінде ажыраспаған болсаңыз, онда жұбайыңызды өтініште көрсетуге тиіссіз. Заңды түрде бөлек тұру - бұл ерлі-зайыптылар заң жүзінде некеде, бірақ сот шешімі бойынша бөлек тұратын келісім-шарты. Егер сіз жұбайызыбен заңды түрде бөлек тұратын болсаңыз, онда жұбайызы DV бағдарламасы арқылы АҚШ-қа көшіп келе алмайды. Егер сіз заңды түрде бөлек тұратын жұбайыңыздың атын өтініште көрсетсеңіз, ол үшін виза алу құқығынан айырылмайсыз. Егер сіз сот шешімі бойынша заң жүзінде бөлек тұрмайтын болсаңыз, бірақ виза алатын уақытқа дейін ажырасуды жоспарлап жүрсеңіз немесе жұбайызы АҚШ-қа көшуге ниет білдірмесе де, сіз DV бағдарламасының өтінішіне жұбайыңызды қосуға тиіссіз.

Егер жұбайыңыз АҚШ азаматы немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғыны болса, онда оны өз өтінішіңізде көрсетпесеңіз де болады. АҚШ азаматы немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғыны болып келетін жұбайыңызға виза қажет емес. Сондықтан, егер сіз бағдарламаға өтініште «некедемін, жұбайым АҚШ азаматы немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғыны» деп көрсеткен

болсаңыз, сізге жұбайыңыз туралы қосымша ақпарат енгізу ұсынылмайды. Отбасы мүшелері туралы қосымша мәліметтерді [Жиі қойылатын сұрақтар](#) бөлімінен қараңыз.

14. Балалар саны - АҚШ-қа қоныс аударатын жағдайда, өзіңізбен бірге тұратын-тұрмайтына, қоныс аудару ниеті бар-жоғына қарамастан үйленбеген 21 жасқа дейінгі барлық тірі балаларыңыздың аты-жөнін, туған күнін, жынысын, туған қаласын немесе аймағын, мемлекетін өтініште көрсетуіңіз керек. Балаларыңыздың әрқайсысының техникалық шарттарға сәйкес келетін жеке фотосуреттерін жібересіз.

Міндетті түрде:

- барлық тірі табиғи балаларыңызды;
- заңды түрде асырап алған барлық тірі балаларыңызды; және,
- Баланың әкесімен немесе шешесімен заңды түрде ажырасып кетсеңіз де, қазіргі уақытта бала сізбен бірге тұрмаса да және/немесе ол баланың сізбен қоныс аудару ниеті болмаса да, некеде тұрмаған және электрондық өтініш беру уақытында әлі 21 жасқа толмаған барлық тірі туған және **өгей** балаларыңызды өтініште көрсетуге тиіссіз.

Бағдарламаға өтініш беру кезінде некеде тұрған және 21 және одан жоғары жастағы балаларыңыз DV бағдарламасына отбасы мүшесі ретінде қатыса алмайды. Сонымен қатар, бала мәртебесін қорғау туралы заң балаларды белгілі бір жағдайларда «жасының өтіп кетуінен» қорғайды: некеде тұрмаған баланың бағдарламаға өтініш берген кезде әлі 21 жасқа толмаған болса, бірақ виза алатын уақытқа дейін 21 жасқа толып кетсе, виза ресімдеу күні ол 21 жасқа толмағандай болып есептелуі мүмкін.

DV бағдарламасына өтініш берген уақытта АҚШ азаматы немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғыны болып табылатын балаңызға виза қажет емес; мұндай отбасы мүшелерін өтініште көрсетіп не көрсетпеуіңіз сіздің виза алу құқығыңызға нұқсан келтірмейді.

Виза алуға құқығы бар балаларыңызды өтінішіңізде көрсетпесеің немесе сіздің балаңыз болып табылмайтын балаларды өтініште балаларыңыз ретінде көрсетсеңіз, DV визасын алу құқығынан айырылуыңыз мүмкін, және бұл жағдайда жұбайыңыз бен балаларыңыз негізгі өтініш берушінің отбасы мүшелері ретінде виза алу құқығынан айырылады. Отбасы мүшелері туралы қосымша мәліметтерді [Жиі қойылатын сұрақтар](#) бөлімінен табасыз.

DV-2025 бағдарламасына электрондық өтініш беру туралы қосымша ақпарат алу үшін [Жиі қойылатын сұрақтарды](#) қараңыз.

### **Өтініштерді іріктеу**

Мемлекеттік департамент әрбір өңір мен елдерге бөлінен визалар негізінде компьютер көмегімен бағдарламаға жарамды өтініштар арасынан өтініш иелерін кездейсоқ іріктейді. Барлық DV

бағдарламасына қатысушылар өздерінің өтініштерінің іріктелген-іріктелмегенін білу үшін DV-2025 бағдарламасына электронды өтініш берген кезде сақтап алған растау нөмірін пайдалана отырып *Өтініш мәртебесін тексеру* керек. *Өтініш мәртебесін тексеру* E-DV сайтында 2024 жылдың 4 мамырынан 2025 жылдың 30 қыркүйегіне дейін [dvprogram.state.gov](https://dvprogram.state.gov) сілтемесі бойынша қолжетімді болады.

Егер өтінішіңіз іріктеуден өтсе, АҚШ-қа қоныс аударуға байланысты алымдар мен қосымша нұсқаулары бар электронды растау парақшасына өтіңіз. «*Өтініш мәртебесін тексеру*» сілтемесі өтінішіңіздің DV-2025 бағдарламасына іріктелгенін хабардар ететін Мемлекеттік департаменттің жалғыз құралы болып табылады. Мемлекеттік департамент электрондық пошта арқылы хабарлама-хат жібермейді немесе іріктелген өтініш иелерімен жеке хабарласпайды. АҚШ елшіліктері мен консулдықтары іріктелген өтініш иелерінің тізімін бермейді. Бағдарламада өтініші іріктеуден өтпеген адамдар ТЕК «*Өтініш мәртебесін тексеру*» сілтемесі арқылы хабардар етіледі. «*Өтініш мәртебесін*» өзіңіз тексергеніңіз дұрыс. Сіз үшін басқа біреулер тексеріп, сізге хабарлайды деп басқа адамдарға үміт артпаңыз.

DV бағдарламасында іріктелген адамдардың қоныс аударуы үшін АҚШ-қа кіруге шектеулері болмауы керек. Электрондық DS-260 формасы, иммигранттық онлайн виза мен сырттан келген қоныстанушыларды тіркеуге өтініш, сондай-ақ консулдық қызметкер АҚШ заңнамасына сәйкес сіздің қоныс аударуға құқылы екеніңізді анықтайтын сұрақтар қояды. Бұл сұрақтар қылмыс пен қауіпсіздікке байланысты тақырыптарды қамтиды.

Жеңімпаздар мен олардың отбасы мүшелері 2025 жылдың 30 қыркүйегіне дейін визаларын алып үлгерулері керек. Мемлекеттік департамент қандай жағдай болмасын көрсетілген күннен кейін DV визасын бере алмайды, АҚШ Азаматтық және көші-қон қызметі (USCIS) болса виза статусын өзгертуге қатысты түзетулерді бекіте алмайды, ал отбасы мүшелері көрсетілген күннен кейін АҚШ-тағы негізгі өтініш берушімен қайта қосылу үшін DV визасын ала алмайды. АҚШ үкіметі жыл сайын шамамен 55 000 DV визасын беруге рұқсат береді. DV визаларының шектеулі санын ескере отырып, іріктелген тұлғалар өз құжаттарын жедел түрде тапсырып, өтінішке қатысты қадамдар жасаулары керек.

Іріктеу үрдісі туралы қосымша мәліметтерді [Жиі қойылатын сұрақтар](#) бөлімінен табасыз.

### **Цифрлық фотосуретті жіберу**

Сіз жаңадан цифрлық фотосуретке түсесіз немесе төменде көрсетілген барлық стандарттарға сәйкес келетін (соңғы алты ай ішінде түсірілген) фотосуретіңізді сканерлеп жібересіз. DV бағдарламасына өтініштегі фотосуреттер сапасы мен композициясы жағынан АҚШ визасындағы фотосуреттер шарттарымен бірдей болуы тиіс. [Жарамды фотосуреттердің мысалдарын мына жерден](#) көруге болады. Түсірілгеніне алты айдан асқан немесе төменде сипатталған стандарттарға сәйкес келмейтін фотосуретті жібермеңіз. Алдыңғы жылдары бағдарламаға немесе визаға жіберген фотосуреттерді қайта жіберу, өңделген фотосурет немесе төменде келтірілген сипаттамаларға келмейтін фотосурет жіберу сізді DV визасын алу құқығынан айыруы мүмкін.

**Фотосуреттер немесе цифрлық бейнелер төмендегі сипаттамаларға сай болуы тиіс:**

- Түрлі-түсті фотосурет
- Фокустағы фотосурет
- Бастың өлшемі иектің төменгі бөлігінен бастың жоғарғы бөлігіне дейін 1 - 1 3/8 дюйм (22 мм - 35 мм) немесе фотосуреттің жалпы биіктігінің 50% - 69% қамтуы керек. Өлшем талаптары туралы қосымша мәліметтерді [фотосуреттер композициясы үлгісінен](#) қараңыз.
- Фотосурет соңғы алты ай ішінде түсірілген болуы керек.
- Фотосурет ақ немесе ақшыл фонның алдында түсірілуі керек.
- Тікелей камераға қарап, бүкіл бетті көрсететін фотосурет керек.
- Фотосуретте табиғи бет әлпет пен екі көз анық болуы керек.
- Фотосуретке күнделікті киетін киіміңізбен түсуіңіз керек.
- Фотосуретке күнделікті киетін діни киімнен басқа формамен түсуге болмайды.
- Фотосуретке діни наныммен тағатын күнделікті жаулықтан басқа бас киіммен немесе шашыңызды жауып тұратын басқа нәрсемен түспеңіз. Бет-әлпетіңіз түгелдей көрініп тұруы керек және діни көзқараспен орамал тақсаңыз, оның көлеңкесі бетіңізге түспеуі керек.
- Құлаққаптар, сымсыз құрылғылар немесе соған ұқсас нәрселермен түскен фотосуреттер қабылданбайды
- Фотосуретке көзілдіріксіз түсіріңіз
- Күнделікті өмірде денсаулығызға байланысты есту аппаратын немесе соған ұқсас құрылғы пайдалансаңыз, фотосуретке сол құрылғымен түсуге болады.

Жарамды және жарамсыз [фотосуреттердің мысалдарын](#) көру үшін фотосуреттер үлгісінен қараңыз. Жүргізуші куәлігінен немесе басқа да ресми құжаттардан цифрлық түрде көшірілген немесе сканерленген фотосуреттер қабылданбайды. Сонымен қатар, снапшоттар, журналдан алынған фотосуреттер, автоматты сату құрылғыларының жанында түсірілген сапасыз фотосуреттер және толық өлшемді фотосуреттер қабылданбайды.

Цифрлық фотосуретті өтінішіңіздің бөлігі ретінде сайтқа жүктеп салуыңыз керек. Цифрлық фотосуретіңізді жүкеу үшін төмендегі шарттар орындалуы керек:

- JPEG (.jpg) пішімінде
- Файл өлшемі 240 КБ (килобайт) аспайтын
- Шаршылық арақатынас (пропорция) сақталған (биіктігі еніне тең болуы тиіс)
- Өлшемі 600x600 пиксель

Өзіңізде бар фотосуретті сканерлегіңіз келе ме? Бұл жағдайда, цифрлық фотосуреттің шарттарына қоса, сканерленетін фотосуретте талаптарға сай болуы керек:

- 2 x 2 дюйм (51 x 51 мм)
- Фотосурет әр дюймге 300 пиксель (сонда әр миллиметрге 12 пиксель) келетін рұқсатпен сканерленуі керек.



## **Бүлдіршінді немесе сәбиді суретке түсіру**

Сіз кішкентай балаңызды немесе сәбиіңізді суретке түсіргенде, фотосуретте баланың жанында басқа адам болмауы керек және балаңыздың көзі ашық болып, камераға тіке қарауы тиіс.

**1-кеңес:** Баланы арқасымен ақ немесе ақшыл төсенішке жатқызыңыз. Бұл балаңыздың басының қисайып кетпеуін және фотосуретке қажетті фонды қамтамасыз етеді. Сәбиіңізді суретке жоғарыдан түсіретін болсаңыз, балаңыздың бетінде сіздің көлеңкеңіз немесе басқа көлеңке жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

**2-кеңес:** Автоорындықты ақ немесе ақшыл матамен жабыңыз да, сәбиіңізді автоорындықта суретке түсіріңіз. Бұл да балаңыздың басын тура ұстауын қамтамасыз етеді.

## **ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР (ЖҚС)**

### ***БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСА АЛУ МҮМКІНДІГІ***

#### **1. Бір елдің «тумасы» болу немесе «басқа елдің атынан қатысу» деген нені білдіреді?**

Елдің тумасы болу дегеніміз қазіргі уақыттағы тұрғылықты тұратын еліне немесе азаматтығына қарамастан, өтініш берушінің туған елін білдіреді. Сондай-ақ көші-қон және азаматтық туралы заңның 202 b) бөлімінің ережелеріне сәйкес бағдарламаға туылған елінен атынан емес, бірақ қандай да басқа бір елдің атынан қатысу құқығы бар адам сол қатысатын елдің тумасы деп түсінілуі мүмкін. Бір елден немесе географиялық аймақтан келетін иммигранттар санында шектеу болғандықтан, әрбір адам бағдарламаға қандай да бір ел атынан қатысады. Басқа елдің атынан қатысу дегеніміз сіздің қай елдің атынан қатысатыныңызды көрсетеді. Сіз әдетте өзіңіздің туған еліңіздің атынан қатысасыз. Дегенмен, сіз өзіңіздің жұбайыңыздың туған елі атынан немесе ата-анаңыздың туған елі атынан қатыса аласыз. Бағдарламаға қай елдің атынан қатысатыныңызды жоғарыда айтылған үш жолмен ғана анықтауға болады.

Бағдарламаға сіз қатыса алмайтын елдің атынан өтініш беру (мысалы, байланысыңыз жоқ елдің атынан өтініш беру), DV-2025 визасын алу құқығынан айыруы мүмкін.

#### **2. Егер бағдарламаға қатыса алатын елде туылмаған болсам, мен бұрынғысынша өтініш бере аламын ба?**

Өтініш беруге болатын екі жағдай бар. Біріншіден, егер заңды жұбайыңыз бағдарламаға қатыса алатын елде дүниеге келсе, сіз сол елдің атынан қатыса аласыз. Сіз қатысатын ел жұбайыңызға байланысты болғандықтан, жұбайыңызда виза алуға шекеулер болмай, виза берілген жағдайда ғана сізге иммиграциялық виза беріледі. Бұл жағдайда АҚШ-қа жұбайыңыз екеуіңіз DV визасымен бірге кіруіңіз керек. Сол сияқты кәмелетке толмаған балаңыз ата-анасының туған елінің атынан DV визасын алуы мүмкін.

Екіншіден, ата-анаңыз сіз туылған елде туылмаса және сіздің туылған сәтіңізде сіз туылған елдің заңды тұрақты тұрғыны болып саналмаса, онда бағдарламаға ата-анаңыздың туылған елінің атынан қатыса аласыз. Адамдар, әдетте, өздері туылмаған немесе тұрақты тұруын заңдастырмаған елдің тұрғыны болып саналмайды. Мысалы, басқа елге қыдыруға, білім алуға немесе уақытша жұмыс істеуге баратын адамдар әдетте сол елдің тұрғыны болып саналмайды.

Егер сіз жоғарыда аталған нұсқалардың негізінде бағдарламаға басқа қатысу елін таңдасаңыз, E-DV өтініш формасында № 6 сұрақта түсініктеме беруіңіз қажет.

Бағдарламаға сіз қатыса алмайтын елдің атынан өтініш беру (мысалы, байланысыңыз жоқ елдің атынан өтініш беру), DV-2025 визасын алу құқығынан айыруы мүмкін.

### **3. Неге белгілі бір елдердің тумалары DV бағдарламасының аясына кірмейді?**

DV бағдарламасы «қоныс аударуы сан жағынан жоғары елдерден» шықпаған адамдарға АҚШ-қа қоныс аудару мүмкіндігін беретін бағдарлама. АҚШ заңнамасында «қоныс аударуы сан жағынан жоғары елдер» қатарына АҚШ-қа соңғы бес жыл ішінде отбасылық және еңбек визалары санаттары бойынша жалпы 50 000 адам көшіп келген елдер жатады. Ұлттық қауіпсіздік министрлігі (ҰҚМ) жыл сайын «қоныс аударуы сан жағынан жоғары елдерді» анықтау үшін соңғы бес жылдағы отбасылық, еңбек және басқа иммигранттық визамен қоныс аударған адамдардың санын есептеп отырады. ҰҚМ көрсеткіштері негізінде DV бағдарламасына қатыса алатын елдердің тізімі бекітіледі. ҰҚМ бұл есепті жыл сайын жүргізетіндіктен, бағдарламаға қатыса алатын және қатыса алмайтын елдердің тізімі жылдан жылға өзгеріп отыруы мүмкін.

### **4. Әр өңір мен әр елдің тумаларына қанша DV-2025 визасы бөлінеді?**

Ұлттық қауіпсіздік министрлігі (ҰҚМ) Көші-қон және азаматтық туралы заңның (INA) 203 с) бөлімінде көрсетілген формулаға сәйкес әрбір жыл үшін әр өңірге бөлінетін DV визасының шектерін айқындайды. Мемлекеттік департамент беретін виза саны белгіленген өңірлік шектерге, әрбір елден қоныс аударушылардың санына және виза алуға құқығы бар іріктелген адамдардың санына байланысты болады. Ешқандай ел бір жылда қол жетімді DV визаларының жалпы санының жеті пайызынан астамын ала алмайды.

### **5. Білім деңгейіне немесе жұмыс тәжірибесіне қандай талаптар қойылады?**

АҚШ-тың көші-қон заңдары мен ережелері бағдарламаға қатысушының кем дегенде жалпы орта мектеп білімі немесе оның баламасы болуын немесе соңғы бес жыл ішінде екі жылдан астам жұмыс тәжірибесін қажет ететін кәсіпте екі жылдық жұмыс тәжірибесі болуын талап етеді. Мектеп бітіру туралы аттестат немесе оның баламасы дегеніміз АҚШ-та 12 жылдық бастауыш пен жалпы орта білім беру курсына сәтті аяқтау немесе АҚШ-тағы жоғарғы сынып деңгейімен салыстыруға келетін басқа елдің ресми оқу орнын сәтті тәмамдау. Бұл талапқа тек ресми оқу орындарынан алынған білім деңгейі мен курстар сай келеді. Біліктілікті арттыру немесе оған теңестірілген сертификаттар (мысалы, жалпы эквиваленттік дипломдар [G.E.D]) қабылданбайды. Визалық сұхбат кезінде консулдық қызметкерге білім мен жұмыс тәжірибеңізге қатысты құжаттарды бересіз.

Талаптарға сай біліміңіз бен жұмыс тәжірибеңіз болмаса, сіз және сіздің отбасыңыз DV бағдарламасы визасын алу құқығынан айырылуларыңыз мүмкін.

### **6. DV бағдарламасына қандай мамандық иелері қатыса алады?**

Мемлекеттік департамент жұмыс тәжірибесіне қатысты біліктілікті анықтау үшін АҚШ Еңбек департаментінің [O\\*Net OnLine](#) дерекқорын пайдаланады. [O\\*Net OnLine](#) дерекқоры жұмыс тәжірибесін бес «жұмыс аймағына» бөледі. Еңбек министрлігінің веб-сайтында көптеген мамандықтар туралы айтылғанымен, DV бағдарламасына қатысу үшін белгілі бір мамандықтар ғана жарамды. DV визасын алуға жұмыс тәжірибеңіз негізінде құқылы болғыңыз келсе соңғы бес жыл ішінде арнайы кәсіптік даярлықта (SVP) көрсетілген деңгейі 7 немесе одан да жоғары кәсіпте екі жылдық жұмыс тәжірибеңіз болуы керек.

Талаптарға сай біліміңіз бен жұмыс тәжірибеңіз болмаса, сіз және отбасыңыз DV визасын ала алмауларыңыз мүмкін.

### **7. Еңбек министрлігінің [O \\* Net OnLine](#) дерекқорынан DV бағдарламасына қатысуға жарамды мамандықтар тізімін қалай табуға болады?**

Мамандығыңыздың талаптарға сай келетінін анықтау үшін [O \\* Net OnLine](#) веб-сайтында келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Веб-сайттағы «Кәсіпті іздеу» мәзірінен «Job Family-ді» таңдаңыз;
2. «Job Family» бағдарламасын таңдап, «GO» түймешігін басыңыз.
3. Осы жерден өз мамандығыңызға тауып, сілтемені басыңыз, және
4. Жұмыс аймағының тағайындалған нөмірін және арнайы кәсіби дайындық (SVP) деңгейінің ауқымын табу үшін «Job Zone-ді» таңдаңыз.

Мысал ретінде «Аэроғарыш инженерін» таңдаңыз. Аэроғарыш инженері мамандығы 4-ші «жұмыс аймағында», арнайы кәсіби дайындық (SVP) деңгейі бойынша 7.0-ден < 8.0 дейін екенін көресіз. Осы мысалдағы, Аэроғарыш инженері мамандығы DV визасын алуға білікті маман болып табылады.

Қосымша ақпаратты [DV визасы – Мамандықтар тізімі](#) веб-бетінен табуға болады.

### **8. E-DV бағдарламасына өтініш беру үшін төменгі жас шегі бар ма?**

Өтініш беру үшін ең төменгі жас шегі жоқ, алайда негізгі өтініш берушіге қойылатын жалпы орта мектеп білімі немесе жұмыс тәжірибесіне қатысты талаптар негізінде 18 жасқа толмаған адамдардың көпшілігі DV визасын ала алмайды.

## **DV БАҒДАРЛАМАСЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ӨТІНІШТІ ТОЛТЫРУ**

### **9. Өтінішімді қашан жібере аламын?**

DV-2025 бағдарламасына өтініш тапсыру Шығыс уақыты (EDT) (GMT –4) бойынша 2023 жылдың 4 қазаны, сәрсенбі күні, сағат түскі 12:00 басталып, Шығыс уақыты (EST) (GMT –5) бойынша 2023 жылдың 7 қарашасы, сейсенбі күні түскі сағат сағат 12:00-де аяқталады. Жыл сайын миллиондаған адам өтініш береді. Өтініш беру мерзімін көрсетілген күндер аралағымен шектеу іріктелген адамдардың хабарламаны уақтылы алуын қамтамасыз етеді, виза алушыларға да, біздің Елшіліктер мен Консулдықтарға істі қарастырып, визаны басып шығаруға жеткілікті уақыт береді.

Өтінішіңізді ертерек тапсырған жөн. Тіркеу мерзімінің соңында орын алатын көптеген сұраныс жүйенің жұмысын баяулатуы мүмкін. Шығыс уақыты (EST) (GMT –5) бойынша 2023 жылдың 7 қарашасы, сейсенбі күні түскі сағат сағат 12:00-ден кейін жіберілген өтініштер мүлдем қабылданбайды.

### **10. Мен АҚШ-тамын. DV бағдарламасына өтініш жібере аламын ба?**

Иә, бағдарламаға қатысушылар АҚШ-тан немесе басқа елден өтініш жібере алады. Қатысушы кез келген жерден өтінішін тапсыра алады.

### **11. Тіркеу кезеңінде бір рет қана өтініш беремін бе?**

Иә, өтініш беру кезеңінде заң бойынша бір адамға бір ғана өтініш беруге болады. АҚШ Мемлекеттік департаменті бір адамнан түскен бірнеше өтінішті анықтау үшін озық технологияны пайдаланады. **Бірнеше өтініш берген үміткерлердің барлық өтініштері бағдарламаға қатысушылар тізімінен алынып тасталынады.**

## **12. Жұбайым екеуміз жеке-жеке өтініш бере аламыз ба?**

Иә, ерлі-зайыптылар бағдарламаның талаптарына сай келсе, әрқайсысы жеке бір-бір өтініштен бере алады. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі іріктеліп алынса, ол негізгі өтіш беруші болып табылады, ал ерлі-зайыптылардың екіншісі негізгі өтініш берушінің отбасы мүшесі ретінде виза ала алады.

## **13. Отбасымның қай мүшесін DV бағдарласының өтінішінде көрсетуім керек?**

**Жұбайыңыз:** Егер сіз заңды түрде некеде болсаңыз, бірге тұрып жатқан-жатпағаныңызға немесе жұбайыңыздың АҚШ-қа қоныс аудару ниетінің бар-жоғына қарамастан, жұбайыңызды өтініште көрсетуіңіз керек. Егер сіз заң жүзінде ажыраспаған болсаңыз, онда жұбайыңызды өтініште көрсетуге тиіссіз. Заңды түрде бөлек тұру - бұл ерлі-зайыптылар заң жүзінде некеде, бірақ сот шешімі бойынша бөлек тұратын келісімі. Егер сіз жұбайызыбен заңды түрде бөлек тұратын болсаңыз, онда жұбайызы DV бағдарламасы арқылы АҚШ-қа көшіп келе алмайды. Егер сіз заңды түрде бөлек тұратын жұбайыңыздың атын өтініште көрсетсеңіз, ол үшін виза алу құқығынан айырылмайсыз. Егер сіз сот шешімі бойынша заң жүзінде бөлек тұрмайтын болсаңыз, бірақ виза алатын уақытқа дейін ажырасуды жоспарлап жүрсеңіз немесе жұбайыңыз АҚШ-қа көшуге ниет білдірмесе де, сіз DV бағдарламасының өтінішінде жұбайыңызды көрсетуіңіз керек. Заңды жұбайыңыздың өтініште көрсетпесеңіз немесе заңды жұбайыңыз болып табылмайтын адамды өтініште жұбайыңыз ретінде көрсетсеңіз DV визасын алу құқығынан айырыласыз. Егер сіз өтініш берген кезде некеде болмасаңыз, бірақ некеге тұруды жоспарлап жүрсеңіз, өтінішіңізге болашақ жұбайыңыз туралы ақпарат енгізбеңіз; Бұл әрекет сізді DV визасын алу құқығынан айырады. Егер сіз ажырасқан болсаңыз немесе жұбайыңыз қайтыс болған болса, өтінішіңізде бұрынғы жұбайыңыз туралы ақпаратты көрсетпесеңіз болады.

Бұл талапқа бағынбайтын нәрсе - Егер жұбайыңыз АҚШ азаматы немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғыны болса, онда оны өз өтінішіңізде көрсетпесеңіз де болады. АҚШ азаматы немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғыны болып келетін жұбайыңызға виза қажет емес. Сондықтан, егер сіз бағдарламаға өтініште «некедемін, жұбайым АҚШ азаматы немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғыны» деп көрсеткен болсаңыз, сіз жұбайыңыз туралы қосымша ақпарат енгізе алмайсыз.

**Балаларыңыз:** Сіз алғашқы DV бағдарламасына қатысуға жіберген электрондық өтінішіңізде 21 жасқа толмаған, некеде тұрмайтын БАРЛЫҚ балаларыңызды қосуыңыз керек. Бұған өзіңіздің балаларыңыз, ажырасқан болсаңыз, бұрынғы жұбайыңыздың балалары, қазіргі жұбайыңыздың бұрынғы некеден туылған балалары және заңды түрде асырап алған балаларыңыз кіреді. Олар сізбен бірге тұрмаса немесе DV бағдарламасы бойынша сізбен бірге қоныс аударғысы келмесе де, оларды өтінішіңізде көрсетуіңіз керек.

DV бағдарламасына өтініш берген уақытта АҚШ азаматы немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғыны болып табылатын балаларыңызды көрсетпесеңіз де болады; оларды өтініште көрсетіп-көрсетпеуіңіз виза алу мүмкіндігіне әсер етпейді.

Негізгі өтініш берушінің ата-аналары мен бауырлары DV бағдарламасы бойынша отбасы мүшелері болып табылмайды және визаға тапсырыс бере алмайды; Оларды өтінішіңізге қоспаңыз.

Бағдарламаға қатысу туралы өтінішке отбасы мүшелерін қосу міндетті түрде олардың визаға өтініш беруі немесе сізбен бірге қоныс аударуы қажет дегенді білдірмейді. Бірақ виза алуға



құқылы барлық отбасы мүшелерін алғашқы өтінішіңізде көрсетпесеңіз немесе сіздің отбасы мүшесі болып табылмайтын адамдарды өтінішіңізде отбасы мүшесі ретінде көрсетсеңіз, DV визасын алу құқығынан айырылуыңыз мүмкін, және бұл жағдайда да жұбайыңыз бен балаларыңыз да сіздің отбасы мүшесі ретінде виза алу құқығынан айырылады. Бұл ереже тек бағдарламаға алғашқы электрондық өтініш берген кезде сіздің отбасы мүшелері болып табылатын адамдарға ғана қолданылады, өтініш тапсырып болғаннан кейін туылған (пайда болған) отбасы мүшелеріне қолданылмайды. Егер сіздің жұбайыңыз өтініш беруге құқылы болса, ол сіздің өтінішіңізге енгізілгеніне қарамастан, жеке өзі өтініш бере алады және екі өтініште де отбасының барлық мүшелері бірдей аталып көрсетелуі керек (Жоғарыдан [№ 13 Жиі қойылатын сұрақтыды](#) қараңыз).

**14. Мен өтінішімді өзім толтырып жіберуім керек пе, әлде менің атымнан басқа біреу өтініш бере ала ма?**

Өтінішіңізді өзіңіз толтырғаныңыз дұрыс, бірақ сіздің атыңыздан басқа біреу де өтініш бере алады. Өтінішті тұлғаның өзі жіберсе де немесе оның атынан басқа біреу (адвокат, дос, туысқан және т.б.) жіберсе де, бір адамның атынан бір ғана өтініш жіберілуі керек. Өтініш беруші ретінде өтініште көрсетілген ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын қамтамасыз ету сіздің жауапкершілігіңіз. Қате толтырылған немесе толық емес өтініштер бағдарламаға қатысу құқығынан айырылуы мүмкін. Бағдарламаға қатысушылар *өтініштерінің мәртебесін* өз бетінше тексере алуы үшін растау парақшасы мен өтінішті тапсырғанда берілетін растау нөмірін сақтап алулары керек. DV бағдарламасының барлық қатысушылары [dvprogram.state.gov](http://dvprogram.state.gov) веб-сайтындағы «*Өтініш мәртебесін тексеру*» сілтемесі арқылы өз өтініштерінің статусын тексере алады, сонымен қатар E-DV веб-сайтында көрсеткен электрондық поштаңызды тексере алатын мүмкіндігіңіз болуы керек.

**15. Басқа иммиграциялық виза санаты бойынша өтініш бергендер DV бағдарламасына қатыса ала ма?**

Иә

**16. E-DV өтініш формасын мәтіндік немесе басқа қолайлы бағдарламаға жүктеп алып, кейінірек толтырса бола ма?**

Жоқ, форманы кейінірек толтырып жіберу үшін басқа бағдарламада сақтап алу мүмкін емес. E-DV өтініш формасы тек онлайн түрде толтырылатын форма. Форманы толтырып жіберу үшін интернетіңіз жұмыс істеп тұруы керек.

**17. Өтініш формасының бір бөлігін онлайн толтырғаннан кейін, оны сақтап қойып, қалған бөліктерін кейін толтыра аламын ба?**

Жоқ. E-DV өтініш формасы бірден толтырылып, жіберілетін етіп жасалған. Өтініш формасын жүктеп, толтырып, оны E-DV веб-сайты арқылы жіберуге 60 мин уақыт беріледі. Егер 60 минут ішінде дұрыс және толықтай толтырылған өтінішіңізді электрондық түрде жібермесеңіз, жүйе енгізілген кез келген ақпаратты жойып жібереді. Осылайша, жүйе толық толтырылған өтінішті аяқталмаған өтініштің қайталануы ретінде қарастырылуына жол бермейді. Өтініш формасын толтырмас бұрын DV нұсқауларын мұқият оқып шығу арқылы өзіңізге қажетті нақты ақпарат аласыз.

**18. Менде сканер болмаса, фотосуретімді басқа біреуге сканерлеп, қайта маған жіберу үшін бере аламын ба?**

Иә, егер суретіңіз фотосуреттерге қойылатын талаптарға сай келсе және оны өзіңіздің онлайн E-DV өтінішіңізбен бір мезгілде тапсыратын болсаңыз, басқа біреуге сізге сканерлеп жіберу үшін фотосуретіңіздің беруге болады. Сканерленген фотосуретті өтініш беретін уақытқа дейін алуыңыз керек. Фотосуреттерді өтінішіңізден бөлек жіберу мүмкін емес. Бағдарламаға өтінішіңізді (толтырылған өтініш формасы мен фотосурет ) АҚШ-тан немесе кез-келген басқа елден электронды түрде жіберсеңіз болады.

### **19. Егер E-DV жүйесі өтінішіңізді қабылдамаса, қайта өтініш бере аламын ба?**

Иә, сіз өтінішіңізді 2023 жылдың 7 қарашасы, сейсенбі күнгі шығыс стандарт уақыты (EST) (GMT –5) түскі 12:00-ге дейін қайта жібере аласыз. Егер E-DV жүйесі сіздің бірінші өтінішіңізді қабылдамаса, екінші өтініш жібергеніңіз үшін бағдарламаға қатысу құқығынан айырылмайсыз. Интернеттің болжауға болмайтын сипатына байланысты өтінішіңіздің қабылданбағаны туралы хабарламаны бірден алмауыңыз мүмкін. Толық өтінішті тапсырып, растау нөмірін алғанға дейін, өтінішіңізді қайта тапсырсаңыз болады. Өтінішіңіздің қабылданғанын білдіретін растау нөмірін алғаннан кейін өз атыңыздан қосымша өтініштер жібермеңіз.

### **20. E-DV онлайн өтініш формасының қабылданғанын білдіретін растау нөмірі қанша уақыт аралығында келеді?**

Өтініш формасының сәтті қабылданғанын көрсететін растау нөмірі бар хабарлама E-DV онлайн өтініш формасы жіберілген бойда келеді. Дегенмен, интернеттің болжауға болмайтын сипатына байланысты кешігулер болуы мүмкін. Өтініш беруші толық өтініш жібергенге дейін және растау нөмірі бар хабарламаны алғанға дейін, қажетінше өтініш жібере аласыз. Дегенмен, өтінішіңіздің қабылданғаны туралы растау нөмірі бар хабарламаны алғаннан кейін өтінішіңізді қайта жібермеңіз.

### **21. «Жіберу» түймесін бастым, бірақ растау нөмірін алмадым. Қайта өтініш жіберсем, бағдарламаға қатысу құқығынан айырыламын ба?**

Егер растау нөмірін алмасаңыз, өтінішіңіз сақталмады деген сөз. Өтінішіңізді қайта жіберуіңіз керек. Бұл екінші(қайталама) өтініш ретінде есептелмейді. Растау нөмірін алғаннан кейін ақпаратыңызды қайта жібермеңіз.

## **ІРІКТЕУ**

### **22. Өтінішіңіздің іріктеп алынғанын қайдан білемін?**

2024 жылдың 4 мамыры мен 2025 жылдың 30 қыркүйегі аралығында E-DV веб-сайтында [dvprogram.state.gov](https://dvprogram.state.gov) сілтемесі арқылы сақтап қойған растау нөміріңізді енгізіп *өтініш мәртебесін* тексере аласыз. «*Өтініш мәртебесін тексеру*» сілтемесі Мемлекеттік департаменттің хабарлама жіберетін, визаға өтінішіңіз бойынша одан әрі нұсқаулықтар беретін және сіздің сұхбатыңыздың қай күнге белгіленгенін хабардар ететін жалғыз құрал болып табылады. Бағдарлама аясындағы барлық визалардың пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік департамент 2024 жылдың 4 мамырынан кейін де өтініш мәртебесін тексеру парақшасында қосымша іріктелген тұлғаларды хабарлауы мүмкін. Кез келген жаңартулар үшін растау нөміріңізді 2025 жылдың 30 қыркүйегіне дейін сақтаңыз. [Dvprogram.state.gov](https://dvprogram.state.gov) сілтемесі Мемлекеттік департаменттің DV бағдарламасына онлайн өтініш беруге, өтініш мәртебесін тексеруге мүмкіндік беретін жалғыз ресми веб-сайты.

АҚШ мемлекеттік департаменті сіздің іріктеліп-іріктелмегеніңізді айту үшін сізбен тікелей хабарласпайды. ([№25 Жиі қойылатын сұрақтарды](#) қараңыз).

### **23. Өтінішімнің іріктеуден өтпегенін қайдан білемін?**

АҚШ Мемлекеттік департаменті өтінішіңіздің іріктеуден өтпегенін айту үшін сізбен тікелей хабарласпайды. Өтінішіңіздің іріктеліп-іріктелмегенін тек *Өтініш мәртебесін тексеру* арқылы білесіз. DV-2025 бағдарламасының нәтижелерін E-DV веб-сайтындағы *Өтініш мәртебесін тексеру* парақшасынан 2024 жылдың 4 мамыры мен 2025 жылдың 30 қыркүйегі аралығында біле аласыз. Растау нөміріңізді 2025 жылдың 30 қыркүйегіне дейін сақтаңыз. (Алдыңғы жылғы DV-2024 бағдарламасының нәтижелері осы сайтта 2024 жылдың 30 қыркүйегіне дейін сақталады)

### **24. Растау нөмірімді жоғалтып алсам не істеймін?**

Өтініш мәртебесін тексеру үшін сізге растау нөмірі қажет. E-DV веб-сайтының *Өтініш мәртебесін тексеру* парақшасында жеке басыңызды растайтын жеке деректерді енгізе отырып, өтініш беру кезінде тіркеген электрондық поштаңыз арқылы растау нөмірін алуға мүмкіндік бар.

АҚШ елшіліктері мен консулдықтары және Кентукки Консулдық Орталығы сіздің өтініш мәртебеңізді тексере алмайды немесе сізге тікелей растау нөміріңізді бере алмайды (өтініш мәртебесін тексеру парақшасындағы мүмкіндікті санамағанда). АҚШ Мемлекеттік департаменті бағдарламада іріктелген адамдардың тізімін жарияламайды.

### **25. Мен АҚШ Мемлекеттік департаментінен ақпаратты электрондық пошта немесе кәдімгі пошта арқылы аламын ба?**

АҚШ Мемлекеттік департаменті сізге жеке хабарландыру жібермейді. Америка үкіметі бағдарламаға қатысушыларға ешқашан электрондық хат жібермеген және DV-2025 бағдарламасында іріктелген адамдарды электрондық пошта арқылы хабардар етуді жоспарлап отырған жоқ. Егер сіздің өтінішіңіз іріктелініп алынған болса, сіз өтініш мәртебесін тексеру парақшасындағы ақпараттық нұсқауларға жауап бергеннен кейін ғана электрондық пошта хабарламаларын аласыз. Бұл хабарламалар иммиграциялық виза бойынша сұхбаттың нақты күні мен уақытын көрсетпейді; Сізге сұхбатыңыз туралы мәліметтер *өтініш мәртебесін тексеру* парақшасында қолжетімді екендігі туралы хабарланады. АҚШ мемлекеттік департаменті DV бағдарламасына қатысушыларға *өтініш мәртебесі* парақшасын тексеру керектігі туралы еске салғыш электрондық хаттар жіберуі мүмкін; Бұл хабарламалар ешқашан өтінішіңіздің іріктеліп-іріктелмегенін айтпайды.

Тек «.gov» доменінің суффиксімен аяқталатын интернет-сайттар ғана АҚШ үкіметінің ресми веб-сайттары болып табылады. Визалар мен иммиграцияға қатысты ақпарат пен қызметтерді ұсынатын көптеген басқа (мысалы, «.com», «.org» немесе «.net» суффикспен аяқталатын) интернет сайттар бар. АҚШ Мемлекеттік департамент Мемлекеттік сайттардан басқа сайттардың мазмұнына қарамастан, онда берілген ақпаратты қолдамайды, мақұлдамайды немесе ұсынбайды.

**ЕСКЕРТУ:** Кейбір веб-сайттардан ақша немесе жеке ақпаратыңызды жіберуді сұрайтын электрондық хаттар алуыңыз мүмкін. Бұл ұйымдар АҚШ Мемлекеттік департаментінің және Елшілік пен Консулдықтардың [travel.state.gov](https://travel.state.gov) веб-сайттарында тегін ұсынылатын иммиграциялық ақпарат пен өтініш үлгілері сияқты қызметтер үшін ақша алады. Бұған қоса, кейбір мекемелер мен веб-сайттар DV-бағдарламасына қатысты қызметтер ұсынып, оған ақы талап ету арқылы ақшаңызды ұрлауға әрекет етуі мүмкін. Сіз бұл ұйымдар мен веб-сайттарға жіберген ақшаңызды қайтарып ала алмайсыз.



Сондай-ақ жеке мәліметтеріңіздің ұрлануы мен алаяқтықты болдырмау үшін осы ұйымдар мен веб-сайттарға жеке ақпаратыңызды жібермеңіз. Алдамшы электрондық хаттар өздерін Кентукки Консулдық Орталығы немесе АҚШ Мемлекеттік департаментімен байланысты деп мәлімдейтін адамдардан келуі мүмкін. **Америка үкіметі бағдарламаға қатысушыларға өтініштерінің іріктелгені туралы ешқашан электрондық хат жібермеген және DV-2025 бағдарламасы үшін бағдарламаға қатысушыларды электрондық пошта арқылы хабардар етуді жоспарлап отырған жоқ.** АҚШ Азаматтық және көші-қон қызметі(USCIS) адамдардың виза мәртебесін өзгертуі үшін төлемдер талап етуі мүмкін болғанымен, Мемлекеттік департамент ешқашан сізден пошта немесе Western Union сияқты ұйымдар арқылы ақша жіберуді сұрамайды. Виза мәртебесін өзгерту туралы толық ақпарат алу үшін [мына](#) жерді қараңыз.

## **26. DV-2025 бағдарламасы үшін қанша адамның өтініші іріктеліп алынады?**

DV-2025 бағдарламасына 55 000 DV визасы бөлінген. Іріктеліп алынған алғашқы 55 000 адамның кейбірі виза ала алмайтынын немесе мүлдем виза алуға құжаттарын тапсырмайтын ескере отырып және бағдарламаға бөлінген барлық визаларды толық пайдалану үшін 55 000-нан астам адам таңдалады. Бұл сондай-ақ өтініштері іріктелген адамдарға виза жетпей қалуы мүмкін дегенді де білдіреді.

Сіз өтінішіңіздің іріктелгенін білу үшін және кейінірек ісіңіздің статусын білу үшін E-DV веб-сайтындағы *Өтініш мәртебесін* тексере аласыз. DV-2025 бағдарламасында өтініштері іріктелініп алынған, нұсқаулық бойынша құжаттары мен керекті ақпаратты алдын-ала жіберген адамдармен визалық сұхбат 2024 жылдың қазан айында басталады. Өтінімдері толық қаралып, виза алу үшін сұхбаттары белгіленген өтініш иелері шетелдердегі АҚШ-тың консулдық қызметкерлерімен болатын жоспарланған сұхбат күнінен төрт-алты апта бұрын E-DV веб-сайтында *өтініш мәртебесін тексеру* арқылы хабарлама ала алады.

Әр айда виза нөмірлері негізінде визалары қолжетімді болған және виза алуға шектеулері жоқ адамдарға виза беріледі. Барлық 55 000 DV визасы беріліп болған кезде, DV бағдарламасы аяқталады. DV визасы 2025 жылдың қыркүйегіне дейін бітіп кетуі мүмкін. Өтініштері іріктелініп алынған және виза алғысы келетін адамдар визалық істеріне қатысты процедураларды орындау кезінде жылдам әрекет етулері керек. **Өтінішіңіздің компьютер көмегімен кездейсоқ іріктелініп алынуы виза алуға, визаға өтініш беруге немесе сұхбат күнін белгілеуге кепілдік бермейді.** Ол тек DV визасын алуға өтініш бере алатыныңызды білдіреді. Егер сіздің сериялық нөміріңіздің кезегі соңғы сұрыптауға жетсе ғана сіз DV визасына өтініш беріп, виза алу мүмкіндігіне ие боласыз. Тек 55 000 өтініші іріктелініп алынған адам виза ала алады.

## **27. Бағы жанған қатысушылардың өтініштері қалай іріктеледі?**

Іріктеу нәтижелері туралы ресми хабарландыру E-DV [dvprogram.state.gov](http://dvprogram.state.gov) веб-сайтының *өтініш мәртебесін тексеру* парақшасында 2024 жылдың 4 мамырынан бастап 2025 жылдың 30 қыркүйегіне дейінгі қол жетімді болады. АҚШ Мемлекеттік департаменті өтініштері іріктеліп алған адамдарды пошта немесе электрондық пошта арқылы хабардар етпейді. Мемлекеттік департаменттен келмеген, өтінішіңіз DV бағдарламасында іріктеліп алынғаны туралы электрондық пошта немесе жәй пошта арқылы жіберілген кез-келген хабарлама заңды болып табылмайды. АҚШ Мемлекеттік департаментінен алған кез келген ақпарат сізді *өтініш мәртебесін тексеру* парақшасына бағыттайды. АҚШ ішінде жүріп виза міртебесін өзгертпесеңіз, басқа жағдайдың бәрінде Мемлекеттік департамент ешқашан сізден пошта



немесе Western Union сияқты ұйымдар арқылы ақша жіберуді сұрамайды. Виза мәртебесін өзгерту туралы толық ақпарат алу үшін [мына](#) ақпаратты қараңыз.

Әрбір географиялық аймақ атынан түскен өтінішдер жеке нөмірленеді. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін компьютер әрбір географиялық аймақ атынан түскен өтініштерді кездейсоқ іріктейді. Әрбір аймақ ішінде бірінші іріктелген өтініш бірінші тіркелген іс, екінші іріктелген өтініш екінші тіркелген іс және т.б. болып есептеледі. Өтініш беру кезінде әрбір аймақ атынан түскен өтініштертердің аймақ аясындағы іріктелу мүмкіндігі бірдей болады. Өтініштер іріктеліп болғаннан кейін, бағдарлама қатысушылары 2024 жылдың 4 мамырынан бастап E-DV веб-сайтында [dvprogram.state.gov](https://dvprogram.state.gov) сілтемесі бойынша өз өтініштерінің мәртебелерін тексере тексере алады. Мемлекеттік департаменттің Кентукки консулдық орталығы (КСС) өтініштері іріктелініп алынған, өтініш мәртебесін тексеру парақшасындағы нұсқаулықтарға толықтай жауап берген жеке тұлғалардың визалық істерін қарайды. КСС АҚШ елшіліктері мен консулдықтарында өтетін визалық сұхбат күні белгіленген уақытқа дейін немесе АҚШ-та жүріп, АҚШ Азаматтық және Иммиграция Қызметі(USCIS) арқылы виза мәртебесін өзгертуге өтініш бергенге дейін іріктелген өтініш иелерінің істерін қарастырып, бақылауда ұстайды.

### **28. Мен АҚШ-та жүрмін, егер өтінішім іріктелсе, USCIS көмегімен статусымды өзгерте аламын ба?**

Иә, көші-қон және азаматтық туралы заңның (INA) 245-бөлімінің ережелеріне сәйкес мәртебені түзетуге құқығыңыз болған жағдайда, сіз тұрақты тұрғын мәртебесін алу туралы өтінішпен USCIS-ке жүгіне аласыз. Бағдарлама 2025 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталатындықтан, мәртебесін өзгертуге құқылы адамдар АҚШ-тан тыс жердегі жұбайлары мен 21 жасқа толмаған балаларына қатысты процедуралды қоса алғанда өздерінің істері бойынша барлық иммиграциялық іс-шаралардың қыркүйек айының соңына дейін аяқталуын қамтамасыз етулері керек. 2025 жылдың 30 қыркүйегі EDT уақытымен тура түн ортасынан кейін Мемлекеттік департамент ешбір жағдайда DV-2025 бағдарламасы бойынша виза нөмірін немесе мәртебені өзгерту туралы өтінішті бекітпейді.

### **29. Егер менің өтінішім іріктеуден өтсе, мен DV визасын алуға қашан өтініш бере аламын?**

DV-2025 бағдарламасы үшін іріктелген өтініштердің иелері DV визасына 2024 жылдың 1 қазаны мен 2025 жылдың 30 қыркүйегі аралығында өтініш бере алады, бұл Америка үкіметінің 2025 жылғы - қаржы жылы. Іріктелген өтініш иелері тіркеу нөмірі бойынша визалары қол жетімді бола салып, мүмкіндігінше ертерек виза алуға өтініш берулері керек. Жоғарыда атап өтілгендей, 55 000 DV визасы беріліп біткен күні бағдарлама аяқталады.

**Барлық іріктелген өтініш иелері және виза алуға құқылы өтініш берушілер қаржы жылының соңына дейін виза алып немесе виза мәртебесін түзетіп үлгерулері тиіс.** Өтініштері іріктеуден өткен, бірақ 2025 жылдың 30 қыркүйегіне (қаржы жылының соңына) дейін виза алып үлгермеген адамдардың виза алу құқығы келесі қаржы жылына ауыстырылмайды. Сондай-ақ, DV-2025 бағдарламасының негізгі өтініш берушілерінің отбасы мүшелері болып табылатын жұбайлары мен балалары 2024 жылдың 1 қазанынан бастап 2025 жылдың 30 қыркүйегіне дейінгі кезеңде ғана DV санаты бойынша виза ала алады. АҚШ-тан тыс жерде визаға өтініш беретін адамдар Мемлекеттік департаменттен сұхбат күні туралы хабарламаны жоспарланған сұхбат күнінен төрт-алты апта бұрын E-DV веб-сайтында өтініш мәртебесін тексеру арқылы алады.

### **30. DV бағдарламасының іріктеуден өткен өтініш иесі қайтыс болса, оның ісіне не болады?**

Іріктеуден өткен өтініш иесі АҚШ-қа барғанға немесе АҚШ-та виза мәртебесін өзгерткенге дейін қайтыс болса, оның DV ісі автоматты түрде жабылады. Бұл қайтыс болған адамның отбасы мүшелері болып саналатын жұбайы мен балалары да DV визасын алу құқығынан айырылады және оларға виза берілген болса, ол визалар жарамсыз деп танылады.

## **АЛЫМДАР**

### **31. DV бағдарламасына қатысу қанша тұрады?**

**Электрондық өтініш жіберу үшін төлем алынбайды.** Дегенмен, егерде өтінішіңіз іріктеуден өтіп, сіз виза алуға өтініш берсеңіз, визаға өтініш беру кезінде барлық қажетті визалық алымдарды төлеп, АҚШ консулдықтары мен елшіліктерінде орын алатын сұхбат кезінде консулдық кассирге қажетті визалық алымдарды төлеуіңіз керек. Егер сіз АҚШ-та болсаңыз және визаңыздың мәртебесін өзгертуге өтініш білдірсеңіз, АҚШ Азаматтық және Иммиграция Қызметіне(USCIS) барлық қажетті төлемдерді тікелей төлеуіңіз керек. Егер іріктеуден өткен өтініш иесі болсаңыз қажетті нұсқаулар мен төлемдер туралы ақпаратты E-DV сайтындағы [dvprogram.state.gov](http://dvprogram.state.gov) сілтемесінен ала аласыз.

### **32. Өтінішім іріктеуден өтсе, иммиграция және DV алымдарын қалай және қайда төлей аламын?**

Өтінішіңіз іріктеуден өтсе, [dvprogram.state.gov](http://dvprogram.state.gov) сайтындағы өтініш міртебесін тексеру парақшасы арқылы нұсқаулар аласыз. АҚШ Консулдықтары мен Елшіліктерінде орын алатын сұхбат кезінде барлық визалық алымдарды тікелей Консулдық кассирге төлейсіз. Консулдық кассир сізге АҚШ үкіметінің алымды алғаны туралы түбіртек береді. Егер сіз иммигранттық виза алуға ө Америка елшілігіне немесе консулдығына жүгінсеңіз, DV алымдарын төлеу үшін пошта, Western Union немесе кез келген курьерлік қызмет арқылы ешкімге ақша жібермеңіз.

Егерде өтінішіңіз іріктеуден өтіп, сіз қазіргі таңда АҚШ-та тұрып жатсаңыз және USCIS көмегімен виза статусын өзгертуді жоспарласаңыз, E-Dv сайтында [dvprogram.state.gov](http://dvprogram.state.gov) сілтемесіндегі өтініш мәртебесін тексеру парақшасында алымды америкалық банк арқылы қалай жіберу керектігі туралы бөлек нұсқаулық бар.

### **33. Өтінішім іріктеуден өтсе, бірақ виза ала алмасам, төлеген визалық алымды қайтарып ала аламын ба?**

Жоқ, визалық алымдар қайтарылмайды. Сіз виза ала алуыңыз үшін осы нұсқаулықта айтылған барлық талаптарға сәйкес келуіңіз керек. Егер консулдық қызметкер визаға қойылатын талаптарға сай еместігіңізді анықтаса немесе керісінше жағдайда сіз АҚШ заңнамасына сәйкес DV визасын алуға құқығыңыз болмаса, консулдық қызметкер сізге виза бере алмайды және төленген алымдар қайтарылмайды.

## **ВИЗА АЛУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ БОЛМАУЫ**

### **34. Егер өтінішім іріктеуден өтіп, бірақ виза алуыма заңды кедергілер болса, рақымшылық туралы заңды пайдалана аламын ба?**

DV визасына өтініш берушілер иммиграция және азаматтық туралы заңда көрсетілген виза алуға кедергі болатын кез келген ережелерге бағынады. Заңда көрсетілген жеңілдіктерден басқа,

арнайы рақымшылық заңдары қолданылмайды және рақымшылық туралы өтініштер ешқандай ерекше процеске жатпайды. DV визасына өтініш берушіге туыс болып келетін АҚШ азаматтары немесе АҚШ-тың заңды тұрақты тұрғындары виза алуға заңды кедергілері бар адамға рақымшылық заңдарын қолдануға өтініш берулері мүмкін; Дегенмен, DV бағдарламасындағы уақыт шектеуіне және өтініш қарастыру уақытының ұзақтығына байланысты бұл заңдарды іске асыру оңай болмайды.

## **DV БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСТЫ АЛАЯҚТЫҚТЫҚ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ**

### **35. Интернеттегі алаяқтық немесе қажетсіз электрондық хаттар туралы қалай хабарлауға болады?**

Федералды сауда комиссиясына тиесілі [econsumer.gov](http://econsumer.gov) веб-сайтында онлайн алаяқтық туралы хабарлауға болады. Бұл веб-сайт 36 елдің тұтынушылар құқығын қорғау агенттіктерінің бірлескен бастамасы болып табылады. Сондай-ақ, Федералдық Тергеу Бюросының (ФБР) [Интернеттегі қылмыс туралы хабарлау веб-сайтына](#) шағым түсіруге болады. Электрондық поштаға түсетін қажетсіз хаттарға шағымдану үшін [econsumer.gov](http://econsumer.gov) веб-сайтындағы «Телемаркинг және спам» шағым құралын пайдалануға болады. Сондай-ақ, [Әділет министрлігінің «Қажетсіз коммерциялық электрондық пошта»](#) («Спам») парақшасында қажетсіз электрондық хаттар туралы хабарлауға болады.

## **DV СТАТИСТИКАСЫ**

### **36. DV-2025 бағдарламасына қанша виза беріледі?**

Заңға сәйкес виза алуға құқығы бар тұлғалар үшін жыл сайын 55 000 виза бөлінеді.

## **БАСҚА АҚПАРАТ**

### **37. Егер мен DV бағдарламасы бойынша виза алсам, АҚШ үкіметі менің АҚШ-қа баруға кететін әуе билеттерімнің ақысын төлей ме, маған баспана және жұмыс табуға қолдау көрсетеді ме және/немесе мен толық аяғымнан тұрып кетекенше медициналық немесе қаржылық көмек көрсетеді ме?**

Жоқ, егер сіз DV бағдарламасы бойынша виза алсаңыз, АҚШ үкіметі сізге аталған қаржылық көмектің ешқайсысын ұсынбайды. Керісінше, АҚШ-қа барған кезде мемлекетке ауыртпалық салмайтыныңызды DV визасын алуға келген кезде дәлелдеуіңіз керек. Егер сіз іріктеуден өтіп, DV визасын алуға өтініш білдірсеңіз, онда сізге Мемлекеттік департаменттің қоғамға ауыртпалық салудың қалай бағаланатынын және мемлекетке масыл болмайтыныңызды көрсету үшін қандай дәлелдер ұсыну керектігі туралы халықты ақпараттандыру үшін жарияланған нұсқаулығымен танысуды ұсынамыз.

## **DV-2025 БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР ЕЛДЕР МЕН АЙМАҚТАР ТІЗІМІ**

DV-2025 бағдарламасына қатысуға құқығы бар елдер географиялық аймақтарына сәйкес төменде көрсетілген. Автономиялық емес елдер олардың әкімшілігіне жауапты елдердің аймақтарына кіреді. DV-2025 бағдарламасына қатысуға құқығы жоқ елдерді Көші-қон және азаматтық туралы заңның (INA) 203(с) бөлімінде көрсетілген формула бойынша АҚШ Азаматтық және иммиграциялық қызметтері (USCIS) анықтады. Бағдарламаға қатыса алмайтын елдер (себебі ол елдерден АҚШ-қа отбасылық немесе жұмысқа негізделген иммиграциялық виза негізінде немесе

сан жағына көп қоныс аударған елдер болып табылады) тиісті аймақтар тізімдерінің төменгі жағында көрсетілген.

## **АФРИКА**

Алжир  
Ангола  
Бенин  
Ботсвана  
Буркина-Фасо  
Бурунди  
Камерун  
Кабо-Верде  
Орталық Африка Республикасы  
Чад  
Комор аралдары  
Конго  
Конго, Демократиялық Республикасы  
Кот-д'Ивуар (д'Ивуар)  
Джибути  
Египет\*  
Экваторлық Гвинея  
Эритрея  
Эсватини  
Эфиопия  
Габон  
Гамбия  
Гана  
Гвинея  
Гвинея-Бисау  
Кения  
Лесото  
Либерия  
Ливия  
Мадагаскар  
Малави  
Мали  
Мавритания  
Маврикий  
Марокко  
Мозамбик  
Намибия  
Нигер  
Руанда  
Сан-Томе және Принсипи



Сенегал  
Сейшель аралдары  
Сьерра-Леоне  
Сомали  
Оңтүстік Африка  
Оңтүстік Судан  
Судан  
Танзания  
Бару  
Тунис  
Уганда  
Замбия  
Зимбабве  
Африкадан Нигерияның тумалары биылғы жылы DV бағдарламасына қатыса алмайды.

## **АЗИЯ**

Ауғанстан  
Бахрейн  
Бутан  
Бруней  
Бирма  
Камбоджа  
Индонезия  
Иран  
Ирак  
Израиль\*  
Жапония\*\*\*  
Иордания\*  
Кувейт  
Лаос  
Ливан  
Малайзия  
Мальдив аралдары  
Моңғолия  
Непал  
Солтүстік корей  
Оман  
Катар  
Сауд Арабиясы  
Сингапур  
Шри-Ланка  
Сирия\*  
Тайвань\*\*  
Тайланд

Тимор-Лесте  
Біріккен Араб Әмірліктері  
Йемен

\* 1967 жылғы маусымға дейін Израиль, Иордания, Сирия және Мысыр бақылайтын аудандарда туған адамдар тиісінше Израиль, Иордания, Сирия және Мысырға атынан қатысады. Газа секторында туған адамдар Египет атынан қатысады; Батыс жағалауда туған адамдар Иордания атынан қатысады; Голан биіктігінде туған адамдар Сирия атынан қатысады.

\*\* Макао S.A.R. (Еуропа өңірі, Португалия атынан қатысады) және Тайвань (Азия өңірі) бағдарламаға қатыса алады және тізімде бар. Тек DV бағдарламаның мақсаты үшін Макаода туған адамдар Португалия атынан қатыса алады.

\*\*\* Хабомаи, Шикотан, Кунасири және Эторофу аралдарында туған адамдар Жапония атынан қатысады. Оңтүстік Сахалинде туған адамдар Ресей атынан қатысады.

Азия аймағының келесі елдерінің тумалары DV бағдарламасына **қатыса алмайды**: Бангладеш, Қытай (Гонконгты қоса алғанда), Үндістан, Пәкістан, Оңтүстік Корея, Филиппин және Вьетнам.

## **ЕУРОПА**

Албания  
Андорра  
Армения  
Австрия  
Әзірбайжан  
Беларусь  
Бельгия  
Босния және Герцеговина  
Болгария  
Хорватия  
Кипр  
Чех Республикасы  
Дания (сырттағы құрамдас бөліктерді және тәуелді аймақтарды қоса алғанда)  
Эстония  
Финляндия  
Франция (соның ішінде құрамдас бөліктер мен сырттағы тәуелді аймақтарды қоса алғанда)  
Грузия  
Германия  
Греция  
Венгрия  
Исландия  
Ирландия  
Италия  
Қазақстан

Косово  
Қырғызстан  
Латвия  
Лихтенштейн  
Литва  
Люксембург  
Макао арнайы әкімшілік ауданы\*\*  
Солтүстік Македония  
Мальта  
Молдова  
Монако  
Черногория  
Нидерланды (сырттағы құрамдас бөліктері мен тәуелді аймақтарды қоса алғанда)  
Солтүстік Ирландия\*\*\*  
Норвегия (құрамдас бөліктері мен сырттағы тәуелді аймақтарын қоса алғанда)  
Польша  
Португалия (сырттағы құрамдас бөліктері мен тәуелді аймақтарды қоса алғанда)  
Румыния  
Ресей\*\*\*\*  
Сан-Марино  
Сербия  
Словакия  
Словения  
Испания  
Швеция  
Швейцария  
Тәжікстан  
Түркия  
Түрікменстан  
Украина  
Ұлыбритания (тәуелді аймақтарды қоса алғанда)  
Өзбекстан  
Ватикан қаласы

\*\* Макао S.A.R. тумалары бағдарламаға қатыса алады және тек DV бағдарламасының мақсаты үшін жоғарыдағы тізімде көрсетілген; Макаода туған адамдар Португалия атынан қатыса алады.

\*\*\* Тек DV бағдарламасының мақсаты үшін Солтүстік Ирландия тізімде жеке қаралады. Солтүстік Ирландия тумалары бағдарламаға қатыса алады және бағдарламаға қатыса алатын елдердің тізімінде бар.

\*\*\*\* Хабомои, Шикотан, Кунасири және Эторофу аралдарында туған адамдар Жапония атынан қатысады. Оңтүстік Сахалинде туған адамдар Ресей атынан қатысады.

Ұлыбритания (Біріккен Корольдік) және оған тәуелді аймақтар DV-2025 бағдарламасына **қатыса алады**. Ұлыбритания (Біріккен Корольдік) мынадай тәуелді аймақтарды қамтиды: Ангилья, Бермуд аралдары, Британ Виргин аралдары, Үнді мұхитының Британ аумағы, Кайман аралдары, Фолкленд аралдары, Гибралтар, Монтсеррат, Питкэрн, Оңтүстік Георгия және Оңтүстік Сандвич аралдары, Св.Елена және Тёркс және Кайкос аралдары.

## **СОЛТҮСТІК АМЕРИКА**

Багам аралдары

Солтүстік Америкадан Канада мен Мексика тумалары биыл DV бағдарламасына **қатыса алмайды**.

## **ОКЕАНИЯ**

Австралия (сырттағы құрамдас бөліктері мен тәуелді аймақтарын қоса алғанда)

Фиджи

Кирибати

Маршалл аралдары

Микронезия, Федеративтік штаттар

Науру

Жаңа Зеландия (сырттағы құрамдас бөліктері мен тәуелді аймақтарын қоса алғанда)

Палау

Папуа Жаңа Гвинея

Самоа

Соломон аралдары

Тонга

Тувалу

Вануату

## **ОҢТҮСТІК АМЕРИКА, ОРТАЛЫҚ АМЕРИКА ЖӘНЕ КАРИБ**

Антигуа және Барбуда

Аргентина

Барбадос

Белиз

Боливия

Чили

Коста-Рика

Куба

Доминика

Эквадор

Гренада



Гватемала

Гайана

Никарагуа

Панама

Парагвай

Перу

Сент-Китс және Невис

Сент-Люсия

Сент-Винсент және Гренадин аралдары

Суринам

Тринидад және Тобаго

Уругвай

Осы өңірден төменде көрсетілген елдер DV бағдарламасына қатыса алмайды: Бразилия, Колумбия, Доминикан Республикасы, Сальвадор, Гаити, Гондурас, Ямайка, Мексика және Венесуэла.